



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- У. І. Мархель. – Мінск: Беларуская навука, 2006. – 375 с.
2. Машакова, А. К. Теоретические основы литературной рецепции [Электронный ресурс] / Айнура Касымжановна Машакова // Дни науки. Прага: Publishing house Education and Science s.r.o., 2010. Режим доступа: http://www.rusnauka.com/18_DNI_2010/Philologia/69591.doc.htm. Дата доступа: 26.01.2017.
3. Шаблоўская, І. В. Сусветная літаратура ў беларускім асяроддзі. Праблема рэцэпцыі / І. В. Шаблоўская // Сусветная літаратура ў беларускай прасторы: Рэцэпцыя. Тыпалогія. Кантакты. – Мінск: Радыёла-плюс, 2007. – С. 18-22.
4. Смирнова, А. Н. Переводная литература и ее восприятие во Франции на рубеже XIX–XX веков [Электронный ресурс]: автореф. дисс. на соискание ученой степени канд. филол. наук: спец. 10.01.03 / А. Е. Смирнова. СПб, 2011. Режим доступа: <http://www.dissercat.com/content/perevodnaya-literatura-i-ee-vospriyatie-vo-frantsii-na-rubezhe-xix-xx-vekov>. Дата доступа: 23.04.2016.
5. Адамовіч, Г. Роля перакладу ў тыпалагічным вывучэнні літаратур / Г. Адамовіч // Пераклад збліжае народы: матэрыялы Міжнар. “круглага стала”, Мінск, 3–4 верасня 2001 г. – Мінск: Беларускі кнігазбор, 2002. – С. 9-13.

ЭОЖ 81'255

ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА ЖӘНЕ АУДАРМА

Махсотова Назерке Исатаевна

makhsotova07@mail.ru

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Сәтенова С.К.

Зергерлік әрбір халықтың көне тарихымен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқан дәстүрлі өнер екендігі баршамызға мәлім. Қазақ халқының зергерлік өнері ғасырлар бойы дамып, жетіліп келеді және ұлттық мәдениеттің маңызды көрсеткіші болып табылады. Алтыннан, күмістен жасалған әшекей бұйымдар қазақ қыздарының кішкене кезінен бастап тағатын басты бұйымдары болған.

Тілімізде сақталып қалған көптеген зергерлік бұйымдар атауларының астарында халықтың тарихы, мәдениеті, дүниетанымы жөнінде құнды деректер жататындығын этнограф, тілші ғалымдар өз зерттеулерінде тарихи, тілдік мәліметтерге сүйене отырып дәлелдеп келеді.

Тілімізде сақталып қалған көптеген зергерлік өнер атаулары секілді халықтық атаулар мен көнерген сөздердің астарында этнографиялық мән, этнофразеологизмдер жататындығын Р. Сыздық, Н. Уәли, Г. Смағұлова сияқты ғалымдар өз зерттеулерінде тарихи, тілдік, мифтік, этнографиялық, танымдық мәліметтерге сүйене отырып, өз тұжырымдарын келтіреді.

Ағылшын халқының қолөнерге қатысты бұйым атаулары тарихи әрі мәдени құбылыс ретінде арнайы кәсіби сөздіктер мен энциклопедияларда қамтылған (Barwick, 1984; Burg, 1984; Laver, 1956; Laver, 1969; McDowell, 1992). Ал зергерлік бұйым атаулары Т.В.Долгованың еңбегінде толығымен қарастырылған (Долгова, 2007).

Зергерлік әшекей бұйымдар әйел адамдардың әдемілікке ұмтылғанын ғана көрсетпейді, қазақ халқы үшін әрбір зергерлік бұйымның белгілі бір мағынасы болған. Ұлттық дүниетанымына сәйкес кейбірі қорғаныш пен тұмар ретінде қолданылып келсе, күміс не алтыннан жасалған сақина немесе жүзік, оларға тән қасиеттердің негізінде тазалықтың та белгісі саналатын. Қазақ әйелдерінің шашына, бойына, қолына, сырт киімдеріне тағылған зергерлік бұйымдар өздерінің әсем ою-өрнектері мен таңғажайып үлгілерімен талайды тамсандырып қана қоймай, әйел сұлулығымен қоса оның таным-талғамынан, халықтың салт-дәстүрінен, дүниеге көзқарасынан хабар бере отырып, рухани мәдениетіміздің қалыптасып, дамуына ықпал етеді әрі оның нәзік әйелдер үшін қорғану қызметін атқарады. Әйел

қолөнеріне байланысты атаулар қазақ әйелдерінің саналы шығармашылық еңбегінің, эстетикалық талғамының деңгейін және табиғатты игеру тәжірибесінің, рухани танымының жетістігін көрсетеді.

Зергерлік бұйымдарын мынандай топтарға бөлуге болады: бас пен шашқа, мойын мен кеудеге және қолға арналған. Қазақ халқының бас киімдерінің ішінде қалыңдықтың ұзатылу тойында киетін көп әшекейлі бас киімі *сәукеле* ерекше бағаланады. Х.Арғынбаевтың айтуынша, қымбат сәукелелердің Бөкей ордасында кездескен бір түрінің құны күміс ақшамен 1000 сомға бағалаған екен. Дегенмен де, қалыңдыққа сәукеле кигізу тек қазақ халқына тән құбылыс. Өйткені, дәл сәукеленің баламасы басқа ешқандай халықта кездейспейді. Сөзсіз, әр халықтың өзінің салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына сәйкес қалыңдықты ерекшелейтін, сән беретін бас киімі болады. Мысалы, ағылшын халқында қалыңдық киетін бас киім *тиара* деп аталады, пішініне қарап тәждің түрі десек те болады. Ол аса бағалы тастармен безендірілетін қалыңдықтың арнайы бас киімі.

Тағы да бір әшекейдің түрі – тана, сәндік үшін қыздардың бас киіміне, жағасына, кеудесіне тағылатын, түйме ұқсас дөңгелек, жалтырақ әшекей. Ал ағылшын қоғамындағы тананың баламасы *brooch* деп аталады. Мойынға, кеудеге сәндікке тағатын әшекейлердің келесі түрі – алқа. Ол кейде моншақтап тізген асыл тастардан, кейде алтын, күмістен соғылып, бетіне асыл тас қондырып, ою-өрнектеп, салпыншақты етіп жасалады. Алқа әлемдегі халықтардың басым көпшілігіне тән деп айтуға болады, ағылшын халқында ол *necklace* деп аталады.

Қазақ халқы қашанда әйел көркі – шаш, шаштың көркі шолпы деп есептеген, әр бойжеткенді бірінші шашына қарап бағалаған. Шашқа тағатын әшекейлердің ішіндегі ең жиі кездесетіндері – шашбау, шолпы. Олар әйел шашының көркін ашатын, өрілген бұрымның ұшын бекіту үшін тағылатын сәндік бұйым. Шашбаудың алтын, күміс, тілла шашбау сөлкебай шашбау (орыс тіліндегі *целковый рубль* деген сөзден алынған, жергілікті тілде сөлкебай – *сом, теңге*) теңге шашбау, шаштеңге, үкі аяқты шашбау, шаштүлек (лентадан жасалған қарапайым шашбау), шашбаутас (жалпақ күміске асыл тастар орнатып жасаған шашбау түрі) сияқты түрлері бар. Бұл шаш бұйымдары тек қазақ халқына тән болғандықтан, ағылшындарда мынадай нәрселер мүлдем жоқ. Әрине, оларда *headband, hairpin, hair bows, hair ribbons, fascinator* секілді шаш сәндейтін бұйымдар бар. Алайда, бұл шаш сәндеуіштер *шашбау, шолпы*-лардың дәл баламасы болып табылмайды. Себебі, біздің халқымыз үшін салт-дәстүрлерімізге сәйкес астарлы мағынасы, түпкілікті пайда болу мәні бар бұйымдар болып саналса, ағылшын халқы үшін жай ғана шаш сәндеуіштер болып табылады. Халық ұғымында *адам жанының бір ұшы шашында* деген түсініктің әрі *тарағанда түсетін шашты кез-келген жерге тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек* деген ырым-тыйымның бар екені белгілі. Сол себепті қазақ қыздары мен әйелдері бұрынғы кезде шолпы мен шашбауды бұрымы тарқатылып кетпеу үшін таққан. Халқымыз үшін қазақ қыздарының мінің, жүріс-тұрысын білдіретін, әрі бұрымдарына сән келтіретін аса бағалы зергерлік бұйымдар болып табылады.

Қазақ және ағылшын халықтарына ортақ зергерлік бұйымдар аз емес. Мысалы, сақина – *ring*, сырға – *earrings*, білезік – *bracelet*, алқа – *necklace* және тағы басқалары. Тағы да айта кететін жайт – ол қазақ қауымында сақинаның *құдағи жүзік, отау жүзік, құстұмсық жүзік* секілді көптеген мәдени мағынасына қарай түрлері бар болса, ағылшын қауымында әшекейлеп безендіру жағынан кездеседі.

Қазақ халқы қолөнерге аса бай екендігінде еш күмән жоқ. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты өнер жиынтығын айтады. Зергерлік бұйымдар, қазақ ұлттық киім түрлері, ағаштан жасалған бұйымдар деп даралай берсек те болады. Қазақтың күнделікті тұрмыста қолданатын заттарының барлығы көшпелі және жартылай көшпелі өміріне лайықталып жасалған. Көшпенді тіршілікте тіккенге де, жыққанға да өте жеңіл де, қолайлы киіз үйінен бастап ішкі жасау-жиһаздары да жүннен тоқылған, мақта-матадан кестеленген бұйымдар болып келеді. Солардың бір түріне жататын мәдениетіміздің бірден бір ажырамас бөлігі – киіз үй. *Киіз үй*

термині орыстың *юрта* (*юлить, юлла -айналдыру*) ұғымы арқылы ағылшын тіліне *yurt* деп енген.

Ағылшын халқының қолөнерге қатысты бұйым атаулары тарихи әрі мәдени құбылыс ретінде арнайы кәсіби сөздіктер мен энциклопедияларда қамтылған (Barwick, 1984; Burg, 1984; Laver, 1956; Laver, 1969; McDowell, 1992). Ал зергерлік бұйым атаулары Т.В.Долгованың еңбегінде толығымен қарастырылған (Долгова, 2007).

Әр халықта мәдениетінің қайнар көзі болып келетін қолөнер және оның түрлері ағылшын қауымында да бар. Мысалы, *pottery*(қыштан ыдыс жасау), *basket weaving*(себет өру), *weaving*(тоқыма), *tatting*(шілтер тоқу) және тағы да солар секілді арнайы түрлері бар. Дей тұра, ұлтымыздың қолөнер туындыларын көп жағдайда түсіндірме сөздіктерде я болмаса көркем әдеби шығармалардың аудармаларында олардың дәл баламасы ағылшын тілінде болмағандықтан транслитерация я транскрипция әдістерімен береді. Мысалдар келтіре кетсек, *alasha*(алаша) - *it is a homespun carpet*; *camsole*(қамзол)- *it is one of the girls and women clothes*; *saukele*(сәукеле)- *it is one of the girls head clothes*; *korzhyn*(қоржын)- *a case which needs to put clothes and other things*.

Аудармада зергерлік қолөнер лексикасының қолданылуына тоқталсақ. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының зергерлік бұйымдары жөнінде көбірек айтылады. Мысалы, «Тыста анда-санда шылдыр еткен *шолпысы* білінеді» [1,241] деген сөйлемдегі *шолпы* сөзі ағылшын тіліндегі аударма нұсқасында: «Dilda had not yet come, although he could hear the tinkle of her *sholpy* from time to time» деп транслитерация әдісімен берілген [2,207]. Себебі, ағылшын қауымында *шолпы* сөзінің дәл баламасы жоқ, бұл тек қазақ халқына тән зергерлік бұйым.

«Абай жолы» романында астарлап, керемет бейнеленіп берілген әйел зергерлік бұйымдарының ағылшын тіліндегі нұсқасында аудармаларына тағы да мысалдар келтіре кетсек. Мысалы :

Your graceful movements caress my glance,

Your earrings glitter, your *sholpy* dance [3,78].

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,

Артыңда таққан *шолпың*, күміс *сырғаң*...» [1,70].

Көріп тұрғандарыңыздай, ағылшын тіліндегі нұсқасында *шолпы* сөзі тек қазақ халқының мәдениетіне тән болғандықтан, сол күйінде қалдырылған, ал *сырғаның* баламасы *earrings*, себебі, сырға жер бетіндегі барлық халықтардың мәдениетінде кездесетін зергерлік бұйым. Көріп тұрғандарыңыздай, ағылшын тіліндегі нұсқасында «шолпы» сөзі тек қазақ халқының мәдениетіне тән болғандықтан, сол күйінде қалдырылды. Ал *сырға*-ның баламасы *earrings* бәріне мәлім. Өйткені, сырға жер бетіндегі барлық халықтардың мәдениетінде кездесетін әйел зергерлік бұйым. «Көп сақиналы, үлкен білезікті аппақ қолын сәл көтере түсіп, жігітке сыпайы тілек етті. – Тағы бір ауыз!- деп еді.»[1,71] сөйлемінің аудармасы : “Sing something else, just one more,” she pleaded extending her white hands weighted with bracelets.[3,78] , - деп берілген. Егер, түпнұсқада осы фрагментте *көп сақиналы әрі білезікті* қазақ қызының қазақ мәдениетіне сай образы сомдалып тұрса, ағылшын тілі аудармасында бұл образды жалпы кез келген халыққа тән әрі түсінікті түрде берген. Сол сияқты, *білезік*-алтыннан я күмістен жасалып, ұлттық ою-өрнектермен безендірген әшекей ағылшын тіліндегі аударма нұсқада *bracelet* деп берілген. Алайда *браслет* қазіргі заманауи еуропалық үлгідегі қолға тағатын әшекей бұйым болып табылады, білезік сөзінің мәнін толық жеткізе алмайды, сондықтан бұл сөздің транслитерация әдісімен берілгені дұрыс деп есептейміз.

Ертеректе қазақ қауымы үшін зергерлік бұйымдардың маңызы өте зор болып келді. Халық арасында ол бұйымдар белгілі бір магиялық қасиетке ие әрі адамдарды жамандықтан, тіл-көзден, қайғы-қасіреттен сақтайды деген сенім қалыптасқан. Дегенмен, бұл наным-сенім бүгінге күнге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Солай дей тұра, қазіргі таңда қазақ халқы зергерлік бұйымдарды ағылшындықтар тәрізді көбінесе әдемілік үшін қолдану үрдісі қарқынды дамып келеді. Ағылшын халқында зергерлік бұйымдарға тек сән беретін нәрселер ретінде қарағандықтан, олар жайында ғылыми жұмыстар, мақалалар сирек кездеседі.

Қорыта айтқанда, ұлттық зергерлік бұйымдар бір кездері ерекше қолданыста болғанына қарамастан, уақыт өте келе олардың атаулары ұмытылып кетеді. Оның себебі түсінікті де, заман талабына, дәуіріне байланысты талғамға да өзгеріс енеді, кейбір бұйымдардың қолданыс аясы тарылуы немесе мүлде пайдаланылмауы мүмкін. Демек, көпшіліктің жадынан шыға бастаған қолөнерге байланысты атауларды қайта жаңғыртудың, сол арқылы ана тіліміздің байлығын көрсете отырып, келешек ұрпаққа жеткізудің мәні зор. Зергерлік қолөнеріне қатысты атаулардың салғастырмалы негізде қарастырылмауы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Басқа халықтардан өзіндік ерекшеліктері бар қазақ халқының зергерлік бұйымдарының атауларын, олардың мәнін, аудармада берілу жолдарын қарастырудың мәні зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай.//Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
2. Mukhtar Auezov Abai (Abridged) // Moscow: Progress Publishers, 1975.
3. Mukhtar Auezov Abai: A novel. Book two.//Moscow: Foreign languages publishing house.

ӨОЖ 81'25

МОЛОДЕЖНЫЙ СЛЕНГ КАК РЕЗУЛЬТАТ РАЗВИТИЯ АФРОАМЕРИКАНСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Медеубаева Ляйла Талгатовна

lyaila.md@mail.ru

Магистрант 1-го курса специальности 6М020700 – «Переводческое дело»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Амалбекова М.Б.

Процесс образования сленгов людьми происходит постоянно, и, несмотря на то, что некоторые сленговые слова могут просуществовать несколько столетий, лексикон сленгов всегда подвергается изменениям. Каждое новое поколение привносит свой собственный язык, как правило, используемый среди своих же сверстников.

Выбор сленга для любого представителя молодежи довольно часто оказывается попыткой расширения определенной молодежной субкультуры, к которой он или она принадлежат или с которой они себя отождествляют. Хотя новые слова рождаются в каждом поколении, молодежь все также перенимает выражения, которые были популярны во времена молодости их родителей, бабушек и дедушек. Иногда молодые люди пытаются менять значение, правописание или произношение этих слов. Они смешивают сленги между собой и в конечном итоге индивидуализируют их. Точно так же, как и есть слова, присущие определенному поколению, существуют и молодежные выражения, специфичные для конкретных регионов.

Сленги подразумевают собой «слова, выражения и узусы, отличающиеся недолговечностью и неприемлемостью для формальной коммуникации» [1, с. 9].

Происхождение многих современных молодежных сленгов берет начало в прошедших десятилетиях, и хотя многие из этих выражений так и не обосновались в словарях, прослужили они достаточно долго. Дальнейшее существование сленга зависит и от того, будет ли он принят господствующей тенденцией или доминирующей культурой. В первую очередь это зависит от степени взаимодействия доминирующей культуры и субкультуры, которые ввели в употребление этот определенный сленг [2, с. 35].

Касательно сленга «cool», появившегося благодаря афроамериканской джазовой субкультуре 20-х, 30-х и 40-х годов 20-го столетия, можно сказать, что его появление было результатом широкой популярности джаза, особенно среди молодежи тех времен, которая